

**Автор:** Дынбаева Салтанат Ивановна

**Пән:** Дүниетану. Тарих компоненті

**Сынып:** 3-сынып

**Бөлім:** Өнер

**Тақырып:** Менің отбасымның рухани құндылықтары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтарын анықтау
Сабактың мақсаты:	<p>Барлық оқушылар: – «жылы үя», «отбасы» түсініктерінің мағынасын ашады; – туғандарына, жақындарына қамқорлық танытуға тырысады.</p> <p>Көптеген оқушылар: – отбасының құндылықтарына құрметпен қарайды; – отбасылық құндылықтарды сақтаудың қажеттілігін түсінеді.</p> <p>Кейбір оқушылар: өз отбасының өткен өмірін «көре» біледі; өзінің болашақта құратын отбасы туралы ойланады.</p>
Тілдік мақсаттар:	<p>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:</p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-ЮНЕСКО деген не?</li> <li>-Қазақстанның қандай бейресми рәміздерін білесіңдер?</li> <li>-Қазақстанның қандай мәдени ескерткіштері бар? Жазуға берілетін тапсырмалар:</li> <li>-«Қазақстанныңжеті кереметінің» тізімін жасау</li> <li>-«Менің өлкемің өнер адамдары» тақырыбына шығарма жазу</li> <li>-«Мен ежелгі түркілерде қонақтамын» тақырыбында әнгіме құрау</li> </ul>
Күтілетін нәтиже:	отбасының құндылықтарына құрметпен қарайды;
	отбасылық құндылықтарды сақтаудың қажеттілігін түсінеді.
Бастапқы білім:	Оқушыларда 1,2 сыныпта «Мен және менің отбасым» тарауларынан отбасы шежіресіжәне құндылықтары туралы түсініктері бар

### Сабак барысы

Сабак кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабактың басы	<p>Сергіту жаттығуы «Мен ақылды баламын»</p> <p>әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады.</p> <p>Бір сөзben» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабактағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (куаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау)</p> <p>Жаңа топ құру. Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады.</p> <p>1-топ «Сары»</p> <p>2-топ «Көк »</p> <p>3-топ «Қызыл»</p> <p>Жұмыс ережесін келісу Сабакта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!</p> <p>Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабакта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабакқа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Тест тапсырмаларын тарату. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау</p>	стикерлер

<b>Сабақкезеңдері</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың ортасы	<p>Ширату тапсырмасы. Бала, бала, бала деп Тұнде шошып оянған. Тұн үйқысын төрт бөліп Тұнде бесік таянған. Қолын қатты тигізбей Кірлікөйлек кигізбей Иісін жұпар аңқытқан (Ана) Тағдырың қеуде тосыпжартасына, Біз үшін түскен майдан ортасына, Алаңсыз салып сайраншалқып жүрміз Біз бүгін олардың арқасында. (Әке) Дегенімді жасайтын Қалған тамағымды асайтын Ертіп алып жетектеп «Немерем» – деп атайтын (Әже) Айтары мол ғұлама Қөп жасасын бұл адам, Әкесі ол әкеңнің Білер оны сұраған (Ата) Томпиған кішкентай балапан – Жүреді жерде еңбектеп. Сүп-сүйкімді балақай. (Іні) Мені де, ағамды да жақсы көреді Бірақ сәнденгенді көбірек жақсы көреді. Оте сәнкөй қызы. (Сініліңі немесе қарындасы) ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) «Ойлан» айдарындағы мәтінді оқу. (Т) Тапсырма: отбасы мүшелері қандай сөздерді жазған? Оқулықтағы «Анықтауды үйрен» айдары сендерге көмекке келеді («Ауысу» стратегиясы). 1) Топтар сұрақтарға жауап береді. 2) Мұғалімнің белгісінен кейін топтар орындарымен аудиосады және басқа топтың жауабын толықтырады. 3) Барлық жауаптарды талқылау және сұрақтың нақты жауабын көрсету. Дескриптор: отбасының құндылықтарына құрметпен қарайды; Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p> <p>Сергіту сәті «Жақсылық тамшысы»</p>	суреттер, кеспе қағаздар
Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибелі қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, окушылар жүріп, аралап, оған әр окушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. Мұғалім: Әр отбасында отбасылық фотосуреттер бар. Отбасылық альбомдарды құрастыру және оларды сақтау дәстүрі әр отбасында бар. Фотосуреттер қымбат адамдарымыз жайлы, өмірімізде болған оқиғалар жайлы естеліктерді мәңгі есте қалдырады. ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. (ҚБ) “Екі жүлдyz, бір тілек” әдісі. Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Окушыларға «Нысана» көрі байланыс парағы таратылады. Окушылар өздері белгілейді.</p>	A5
Рефлексия	жемістер ағашы арқылы	